

**«№6 Хромтау гимназиясы» КММ – нің тамақтандырудың
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамының
тексеру қорытындысы бойынша анықтама**

Тексеру уақыты: 25.09.2025ж

Тексерудің мақсаты: Мектептің ас блогының санитарлық жағдайы

Тексеру барысында анықталғаны:

2025-2026 оқу жылына тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бақылау комиссиясы мен қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата –аналар, ата- аналар комитетінің төрағасымен асхананың санитарлық жағдайы тексерілді. Бақылау барысында комиссия құрамы дайындалған тағамдардың сапасына баса назар аударды. Күнделікті ас мәзірінің перспективалық мәзірімен сәйкестігі анықталды. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылған.

Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай – күйі: асханада ыдыстар жеткілікті. Ыдыс жуатын бөлме таза, ыдыстар орынды қойылған. Жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған, деформацияланған ыдыстар жоқ.

Ас блогы үй – жайларының жай – күйі: ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелері жарамды. Асхананы жуу және өңдеу үшін және ас үй ыдыстары үшін жеке жағдайлар жасалған. Жуу құралдарының сақтау мерзімдері сақталған, сертификаттары бар.

Ас блогындағы қоймаларда тағамдар сақталу ретімен қойылған. Сусымалы өнімдері стеллаждарда сақталған, қоймада термометр, гидрометр бар. Асхананың жалпы санитарлық жағдайы таза. Асханаға кіре беріс жерде қол жуатын бөлме бар. Асханада 7 қол жуғыш, 2 электрлі қол кептіргіш орнатылған. Тамақ сақтайтын мұздатқыштың жаңа түріне ауыстырылған. 3 электрлі пеш жұмыс істеп тұр. Балалардың тамақтануына барлық жағдай жасалған. Гимназияда бастауыш сынып бойынша 467 білім алушы тегін ыстық тамақпен тамақтанады. Асханадағы ілінген ас мәзірінде тағамның атауы, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіледі. Бракераж журналы бар. Асханада білім алушылар мен мұғалімдердің сатып алуына буфеттік өнімдер бар. Буфет түрінде балаларға самса, тоқаш сатылады, бағасы ілінген. Тыйым салынған өнімдер сатылмайды. Ас мәзірінде көрсетілген тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары пайдаланылған рецептуралар жинақтарында және технологиялық карталарда көрсетілген атауларға сәйкес.

Қорытынды:

Мектеп асханасының материалдық – санитарлық жағдайы қалыпты. Асхана жұмысы барлық ережеге сай ұйымдастырылған. Асхананың санитарлық жағдайын, тағамдардың дайындалу сапасын комиссия құрамы жоғары бағалады.

Ұсыныс:

- Білім алушылардың тамақтануына жағдай жасалсын.

Комиссия құрамының төрағасы:

А.Е.Құрманов – гимназия директоры

Комиссия мүшелері:

Б.И.Жасаганбергенова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Т.Максимова - әлеуметтік педагог

Г.А.Жумамуратова - гимназияның шаруашылық меңгерушісі

Р.Кулетенова - ата – аналар төрайымы

Р.С.Ергазин - қамқоршылық кеңесінің мүшесі

А.Р.Хасенова - гимназия медбикесі

Э.А.Сидикина – ата –ана

А.Д.Ережеп – ата –ана

Л.К.Кангужина – ата –ана

А.У.Олжабаев – ата –ана